

8D01702 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы Ақбота Талғатқызы Төлеужанның диссертациялық жұмысына ресми рецензент педагогика ғылымдарының кандидаты Сманова Газиза Илесхановнаның

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|--|---|--|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Зерттеу тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы: | Төлеужан Ақбота Талғатқызының 8D01702 – Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасындағы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарлама мазмұнына толық сәйкес келеді: «ҚР Білім туралы Заңы», «ҚР Тіл туралы Заңы», «Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы», «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» және т.б. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен 2023 - 2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың тұжырымдамасына негізделеді. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы | Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Оның ішінде: 1) «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 2) Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер». |

| | | | |
|----|---------------------|--|--|
| | | <p>мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарлама атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p> | <p>Диссертация мазмұнында ұсынылған әдістемелер мен технологияны келешекте мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында жүзеге асыруға болады.</p> |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлес <u>қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған</p> | <p>Төлеужан Ақботаның диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады, себебі диссертациялық жұмыста инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың ғылыми-теориялық негіздері анықталды: «Ашық білім беру ресурстары», «Инновациялық мектеп», «Шетел тілінде сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні теориялық тұрғыда нақтыланып, «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану» ұғымына авторлық анықтама берілді. Диссертациялық жұмыста ашық білім беру ресурстарын оқыту үдерісінде пайдалану бойынша шетелдік және отандық тәжірибесі зерделеніп, білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту үшін ашық білім беру ресурстарын қолданудың мүмкіндіктері айқындалды. Оқу үдерісінде оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдылары мен қабілеттерін цифрлық білім беру мазмұны негізінде дамытуды көздейтін және мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық-әрекеттік, бакылау-бағалау, нәтиже блоктарынан тұратын инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың</p> |

| | | | |
|----|---------------------|--|--|
| | | <p>мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарлама атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p> | <p>Диссертация мазмұнында ұсынылған әдістемелер мен технологияны келешекте мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында жүзеге асыруға болады.</p> |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлес <u>қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған</p> | <p>Төлеужан Ақботаның диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады, себебі диссертациялық жұмыста инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың ғылыми-теориялық негіздері анықталды: «Ашық білім беру ресурстары», «Инновациялық мектеп», «Шетел тілінде сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні теориялық тұрғыда нақтыланып, «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану» ұғымына авторлық анықтама берілді. Диссертациялық жұмыста ашық білім беру ресурстарын оқыту үдерісінде пайдалану бойынша шетелдік және отандық тәжірибесі зерделеніп, білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту үшін ашық білім беру ресурстарын қолданудың мүмкіндіктері айқындалды. Оқу үдерісінде оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдылары мен қабілеттерін цифрлық білім беру мазмұны негізінде дамытуды көздейтін және мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық-эрекеттік, бақылау-бағалау, нәтиже блоктарынан тұратын инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың</p> |

| | | | |
|----|---------------------|--|--|
| | | <p>мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарлама атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p> | <p>Диссертация мазмұнында ұсынылған әдістемелер мен технологияны келешекте мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында жүзеге асыруға болады.</p> |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған</p> | <p>Төлеужан Ақботаның диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады, себебі диссертациялық жұмыста инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың ғылыми-теориялық негіздері анықталды: «Ашық білім беру ресурстары», «Инновациялық мектеп», «Шетел тілінде сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні теориялық тұрғыда нақтыланып, «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану» ұғымына авторлық анықтама берілді. Диссертациялық жұмыста ашық білім беру ресурстарын оқыту үдерісінде пайдалану бойынша шетелдік және отандық тәжірибесі зерделеніп, білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту үшін ашық білім беру ресурстарын қолданудың мүмкіндіктері айқындалды. Оқу үдерісінде оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдылары мен қабілеттерін цифрлық білім беру мазмұны негізінде дамытуды көздейтін және мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық-әрекеттік, бакылау-бағалау, нәтиже блоктарынаі тұратын инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың</p> |

| | | | |
|----|----------------------|--|--|
| | | | <p>шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық моделі жасалып, онда оқушылардың шетел тілінен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық компоненттері мен қалыптастыру формалары, әдістері, құралдары мен педагогикалық шарттары көрініс тапқан. Мектеп оқушыларына арналған «Becoming Fluent in English» атты таңдау курсына арналған электронды оқу құралы мен YouTube каналы әзірленді. Ұсынылған оқу құралдары мен оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталып әзірленген әдістемелік жүйенің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, арнайы қорытындылар жасалды.</p> |
| 3. | Өзі жазу принципі | <p>Өзі жазу деңгейі: 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) Төмен; 4) Өзі жазбаған</p> | <p>Зерттеуде ғылыми, тәжірибелік ұсыныстар беру барысында ізденуші отандық білім беру жүйесіндегі талаптар мен өзгерістерге баса назар аударған және олардың ғылымылығын, түсініктілігін, сенімділігін, теория мен практиканың байланысын, жеке кәсіби тәжірибесіндегі деректермен дәлелдегені жұмыстың жазу деңгейінің жоғарылығын көрсетеді.</p> <p>Ізденушінің қол жеткізген ғылыми және қолданбалы жаңалықтары өзі жазу принципіннің жоғары деңгейіне сәйкес деп есептеуге болады.</p> |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1)</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толықтай негізделген. Зерттеу жұмысының өзектілігі, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы жан-жақты қамтылған. Зерттеудің өзектілігі зерттеу проблемасының жеткіліксіз зерттелуімен және инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру ресурстары арқылы дамытумен анықталады.</p> <p>Ізденушінің «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын</p> |

| | | | |
|--|---|--|---|
| | | <p><u>айқындайды</u> 2) жартылай айқындайды 3) айқындамайды.</p> | <p>калыптастыру» атты диссертация тақырыбы диссертация мазмұнында толығымен көрініс тапты. Диссертация мазмұны логикалық тұрғыдан бірізді қарастырылған және кіріспеден, екі бөлімнен, әр бөлім тараушалардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс әдіснамалық, теориялық тұжырымдарға негізделген. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p> |
| | <p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p> | | <p>Төлеужан Ақботаның диссертациялық жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдысын ашық білім беру ресурстары арқылы дамытуды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу және оның әдістемесін дайындау болып табылады. Мақсат инновациялық мектеп жағдайында оқушылар арасында шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту үшін ашық білім беру ресурстарын пайдаланудың теориялық негіздері мен оның мүмкіндіктерін анықтау; инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін ашық білім беру ресурстарын пайдалану моделін құрастыру; оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру ресурстары арқылы қалыптастыру әдістемесін әзірлеу; ашық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік эксперименттік жолмен тексеру міндеттеріне сәйкес келеді.</p> |
| | <p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <u>1) толық</u></p> | | <p>Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері логикалық түрде құрылған ішкі біртұтастығымен ерекшеленеді. Диссертацияның «Инновациялық мектеп жағдайында</p> |

| | | | |
|----|----------------------------|---|---|
| | | <p>байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p> | <p>ашық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың ғылыми-теориялық негіздері» және «Ашық білім беру ресурстарын пайдалану арқылы білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың әдістемесі» атты екі бөлімі мен олардың құрылымы өзара логикалық бірізділік негізінде толық байланысқан деуге болады. Себебі, диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері жасалған ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</p> | <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Оның көрінісі ашық білім беру ресурстарын шетел тілін оқу үдерісіндегі тиімділігін негіздеу дәлелдемесіндегі әдеби шолу мен ғылымметрикалық және библиометрикалық зерттеу арқылы объективті сыни талдау мен бағалау жүргізіліп, соның негізінде жаңа шешімдер келтірілді.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделген, ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Аталмыш ғылыми қағидаттың жаңашылдығы жүргізілген ғылыми дәйектілігімен келтірілді. Соның негізінде инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру моделінің ғылыми дәйектілігі айқын. Оның жаңашылдығы мотивациялық, танымдық және әрекеттік компоненттер астарында ашық білім</p> |

| | | | |
|----|-------------------------------------|---|---|
| | | | беру ресурстарын үйлесімді келтіре отырып, оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту әзірлемесін ғылыми түрде мақұлдайды. Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру моделінің негізінде әзірленген оқыту әдістемесі «Becoming Fluent in English» таңдау курсының мазмұны және оның аясында қолданылатын оқытудың әдіс-тәсілдер мен формаларын қамтиды. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, өйткені ғылыми әдебиет көздерін оқып танысу негізінде отандық педагогика ғылымында алғашқы рет ұсынылып отырғаны анықталды. Ізденуші ұсынған диссертациялық зерттеудің жаңашылдығы ешқандай күмән тудырмайды. Зерттеу жұмысы теориялық дереккөздердің жеткілікті көлемін талдауға негізделген, әрі шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне, нақты деректерге сілтеме жасай отырып жазылған деп бағаланады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және ғылыми тұрғыда негізделген. Диссертациялық жұмыста инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру әдістемесі ұсынылған. Ізденуші тарапынан «Becoming Fluent in English» атты таңдау курсының бағдарламасы әзірленіп, оқу мазмұнына енгізілді. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша | Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін |

| | | | |
|----|--|---|--|
| | | | нақтылаумен, сонымен қатар әртүрлі ғылымдар саласындағы ой-тұжырымдарды саралау арқылы қол жеткізілген. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.3 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p> | <p>7.1 Изденуші тарапынан қорғауға шығарылған 4 қағидат дәлелденген;</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыс аясында қорғауға ұсынылған 4 қағидат тривиалды емес;</p> <p>7.3 Зерттеу жұмысы аясында қорғауға ұсынылған 4 қағидат жаңа болып табылады;</p> <p>1. «ашық білім беру ресурстары», «инновациялық мектеп», «шетел тілінде сөйлеу» ұғымдарының мәні, «инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану» ұғымына авторлық анықтама;</p> <p>2. Оқу үдерісінде оқушылардың дағдылары мен қабілеттерін цифрлық білім беру мазмұны негізінде дамытуды көздейтін және мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық-әрекеттік, бақылау-бағалау, нәтиже блоктарынан тұратын инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық моделі;</p> <p>3. Инновациялық мектептің 9-сынып оқушылары арасында шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған «Becoming Fluent in English» таңдау курсының мазмұны және оның аясында қолданылатын оқытудың әдіс-тәсілдер мен формалары;</p> <p>4. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері.</p> <p>7.5 Изденушінің ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, республикалық, ғылыми-практикалық конференциялар мен әр түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген 10 еңбегінде қамтылған. Соның ішінде 2 мақала SCOPUS ДҚ базасына енген ғылыми журналдарда, ҚР ҒЖБССҚК ұсынған</p> |

| | | | |
|----|---|--|---|
| | | | ғылыми басылымдарда 3 мақала, 1 мақала Халықаралық конференция материалдарында, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі тарапынан берілетін авторлық құқықтары бар “Becoming Fluent in English” атты электронды оқу құралы мен YouTube арнасы. |
| 8. | Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ | Әдістеменің таңдауы негізделген және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бағдарламасы аясында нақты жазылған. Инновациялық білім беру жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтау үшін библиометриялық деректер талданды, әдеби шолу және жалпылау, модельдеу әдісі қолданылды. Осының негізінде инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту моделінің әзірлемесі жасалды. Зерттеу жұмысына сәйкес статистикалық деректерді өңдеу SPSS бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ | Ғылыми библиометриялық деректер компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып алынған. Ал эмпирикалық деректер үшін қазіргі заманғы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемесі пайдаланылды (талдаудың күрделі статистикалық әдістері үшін SPSS бағдарламасы). |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған | Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Тәжірибелік эксперимент Қарағанды қаласының М.Жұмабаев атындағы гимназиясының және С.Саттаров атындағы мектеп-лицейінің 9 сынып оқушылары |

| | | | |
|----|-------------------------------|--|--|
| | | (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді: 1) иә; 2) жоқ | арасында жүргізілді. Эксперименттік жұмыс бойынша 87 қатысушылар контингенті іріктелді. Ғылыми нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /ішінара расталған/расталмаған | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті. Автор 225 әдебиетті қолданған. |
| 9. | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ | Диссертацияның теориялық маңызы бар, өйткені зерттеу жұмысы аясында «Ашық білім беру ресурстары», «Инновациялық мектеп», «Шетел тілінде сөйлеу дағдылары» ұғымдарының мәні теориялық тұрғыда нақтыланып, «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарын пайдалану» ұғымына авторлық анықтама берілді. Білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту үшін ашық білім беру ресурстарын қолданудың мүмкіндіктері айқындалды. Инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру ресурстары арқылы дамытудың моделі әзірленді. Соның негізінде оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын ашық білім беру ресурстары арқылы қалыптастыру әдістемесі әзірленді және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді. «Becoming Fluent in English» таңдау курсының бағдарламасы мен мазмұны инновациялық мектеп жағдайында оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың әдістемелік негіздерінің анықталуы жұмыстың теориялық маңызы бар екеніне дәлел. |

| | | | |
|-----|---------------------------|--|--|
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ | Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін орта білім беру деңгейінде шеттілдік білім беру мазмұнында қолдану мүмкіндігі бар. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мәселесі бұған дейінгі зерттелген жұмыстарда қарастырылмаған. |
| 10. | Жазу және рәсімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми материалдарға жан-жақты талдау жүргізгендігі, диссертация мәтінінің ғылыми стильде жазылғандығы, сілтемелер соңында келтірген автордың ой-тұжырымы және әр тараудың өзара сабақтастықта байланысып, жүйелілік пен бірізділіктің сақталуы академиялық жазу сапасының жоғары екендігін байқатады. А.Т.Төлеужанның «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қойылған барлық талаптарға сай келеді. |

А.Т.Төлеужанның диссертациялық зерттеуінің нәтижелерін оң бағалай отырып, келесі ескертулер мен ұсыныстар жасау қажет деп санаймын:

- Зерттеу барысында автор ақпараттық технологияның пайда болуы, оқу үдерісінде пайдалану мәселесін жан-жақты қарастырып, Ал, ашық білім беру ресурстары ұғымына талдау жасау барысында оның зерттелу тарихы қамтылмаған;

- Диссертациялық зерттеу жұмысы аясында ұсынылатын «Becoming Fluent in English» элективті курсының мақсат-міндеті көрсетілгенмен, онымен жұмыс жасау механизмі нақтылауды қажет етеді.

- Диссертациялық жұмыстың 54-55 беттеріндегі «модель» немесе «модельдеу» мәселесіне арналған ақпарат бір жүйеге келтіруді қажет етеді.

- Жұмыста орфографиялық қателер кездеседі (68, 107, 119, 122

беттерінде).

Диссертациялық жұмыста стилистикалық қателіктер бар. Жалпы ғылыми жұмыстарға тән стильді ұстану, сөйлемдер мен мәтіндерді ресімдеудің арнайы нұсқаулықтарын пайдаланған дұрыс. Орфографиялық және пунктуациялық қателер де міндетті түрде жоюды қажет етеді.

Көрсетілген ұсыныстар мен ескертулер талданып отырған диссертацияның ғылымилық және практикалық маңызын төмендетпейді, қорғауға ұсынылатын жұмыстың әдістемелік-техникалық талаптарға сәйкес ресімделуінде бағдар береді және мазмұндық, құрылымдық сапасының жоғарылай түсуіне септігін тигізеді. Изденуші А.Т.Төлеужанның «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында орындалған диссертациясы дербес орындалған және қол жеткізген ғылыми нәтижелері педагогика ғылым саласына, шеттілдік әдістеме ғылымына және барша ғылыми-педагогикалық қауымдастықтарға елеулі үлес қосатын іргелі ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Изденуші Төлеужан Ақбота Талғатқызы 8D01702 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты.

Педагогика ғылымдарының кандидаты,
ағылшын тілі кафедрасының меңгерушісі,
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті



Сманова Г.И.